**«Қызылорда облысы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» КМҚК жоспарға сәйкес өндірістік жиналыстың**

# ХАТТАМАСЫ

**Қызылорда қаласы** **«28» маусым 2024 жыл**

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күресейік

Қатысқандар: «Қызылорда облысы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» КМҚК қызметкерлері.

Шығып сөйлегендер:

1. **Ж.Утепова** – Орталықтың ұйымдастыру -әдістемелік бөлімінің меңгерушісі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада, оның ішінде «Қызылорда облысы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығында» кеңінен жүзеге асырылып келе жатқандығын және жемқорлықтың алдын-алуға мекеменің әрбір қызметкері қарсы тұру қажет екендігін,- Ж.Утепова өз баяндамасында атап өтті.

Жалпы, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керк. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауір төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат денсаулық сақтау ұйымдарында сыбайлас жемқорлықты тудыратын және мемлекеттік қызметшіні сыбайлас жемқорлық әрекет жасауға итермелеп, мүмкіндік туғызатын себептер мен жағдайларды барынша азайту жөніндегі мемлекеттің және қоғамның жан-жақты және дәйекті шараларын әзірлеуді және жүзеге асыруды көздейтіндігі»,-айтылды.

***Жиналысқа барлығы: 24 қызметкер қатысты.***

**Жиналыстың шешімі:**

Орталықтың мамандары арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, оның алдын-алу және қызметкерлердің құқықтық мәдинетін көтеру және заңды құрметтеу дәстүрін қалыптастыру мақсатында құқықтық оқуларды ұйымдастыру.

Жиналыс соңында, жиналыс төрайымы Ш.Утегенова Орталық қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа мумкіндік туғызатын жағдайлардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын себептерге жол бермеу қажет екендігін айтты.

**Жиналыс төрайымы** **Ш.Утегенова**

**Хатшы** **Ж.Утепова**